«Қ.Тыныбеков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Бекітемін
Мектеп директоры:
_______ М.Саметов

# Әлеуметтік педагогтың жылдық есебі

## 2021-2022 оқу жылы

Әлеуметтік педагог: Э.Тукешова

**«Қ. Тыныбеков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Әлеуметтік педагог Э. Тукешованың**
**2021-2022 оқу жылының жылдық есебі**

Қазақстан 1989 жылы БҰҰ қабылдаған «Бала құқығы туралы конвенцияны» мақұлдады. Конвенция мазмұны негізгі 4 талап қойды, баланың өмір сүру құқығы, баланы қорғау, дамуына жағдай жасау, қоғамдық өмірге белсене аралсу құқын құрметтеу. Негізгі басымдық баланы қайсыбір себептері болмасын кемсітпеу. Конвенция әлеуметтік қорғалмаған балалар тобына, жетімдерге, мүгедектерге, құқық бұзушыларға ерекше көніл бөледі.

Әлеуметтік педагогика – ортаның, қоғамның, тәрбиеге, әлеуметтенуге әсер ету факторын зерттейтін педагогиканың бір саласы.

Әлеуметтік педагогиканың мақсаты –оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

**Отбасы. Бала. Мектеп.**

Бір-бірінен ажырағысыз үш ұғым.

Отбасы бар жерде бала бар,

Бала бар жерде мектеп бар.

**Мектептің атауы:** «Қ. Тыныбеков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мектеп директоры: Саметов Мақсат

Білім беру тілі: қазақ тілі

Мекен жайы: ТО,Төлеби ауданы, Аққұм ауылы, Қапал батыр көшесі 57 А ғимараты .

Сынып саны: 18

Оқушы саны: 309

Мектепте 2 ауысымда оқушылар оқиды. 1 ауысымда 12 сынып, 2 ауысымда 6 сынып оқиды.

Қыркүйек айында 2021-2022 оқу жылына әлеуметтік педагогтың жылдық жоспар жасалынып бекітілді. Жылдық жоспары бекітіліп уақытында бекітілуде.

Үйде оқылатын оқушылардың бұйрықтарына сәйкес ата-аналармен кездесіп, олармен байланыста болатынымызды таныстырып өттік. Атап айтқанда биылғы жылы Қ. Тынымбеков атындағы жалпы орта мектебінде 6- сыныпта 1 оқушы Балтабай Серік МПК қорытындысы бойынша оқушыға бұйрық шығарылып, үйде оқытылады.

Сынып жетекшілермен бірлесе отырып жетім, жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы, көп балалы отбасы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар анықталып тізімге алынды. Мектебімізде тұл жетім оқушылар жоқ. Жартылай жетім 10, аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушы18, көп балалы отбасы шыққан оқушы 183, үйде оқитын 1 оқушы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары 20 болып анықталды.

Мектептегі әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек және қамқорлық көрсету мақсатында «Қамқоршылық кеңесі» құрылды.

Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесі бекітілген. Осы қаулыны басшылыққа ала отырып, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, аз қамтылған, мүгедек, көп балалы отбасынан шыққан балаларға көмек көрсетілді.

Отбасы жағдайы төмен отбасы балалары тегін оқулықтармен қамтамасыз етілді.
Қ. Тынымбеков атындағы жалпы орта мектебінің әлеуметтік паспорты (куәлігі) жасалынды, және әр сыныпқа жеке –жеке сыныптың паспорты (куәлігі) жасалынып бекітілді.

«Жалпыға бірдей міндетті білім беру» қоры есебінен және демеуші есебінен «Мектепке жол» атты қайырымдылық акциясының аясында, төмендегі аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан балаларға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында 29 оқушыға мектеп формасы, аяқ киім, оқу – құралдары және мектеп сумкасы және спорттық киім берілді.

 




62 оқушыға азық түлікпен көмек берілді, 6- оқушыға «Жалпыға бірдей міндетті білім беру» қоры есебінен тегін бір мезгіл ыстық тамақ берілді, құжаттары жинақталды. Мектеп мұғалімдерінің демеушілігімен 8- сынып оқушысы Ермахан Балнұрға мектеп формасы мен оқу құралдары берілді.




**«Жалпыға бірдей міндетті білім беру» қорынан берілген көмектің есебі**

| № | Берілген заттың атауы | Бала саны | 1 балаға есептелінгені | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Киім | 29 | 60585 | 1 756878 |
| 2 | Әлеуметтік көмек | 62 | 28916 | 1 792792 |
| | Барлығы | 91 | 89501 | 3 549670 |

**Демеуші есебінен**

| № | Қанша балаға көмек берілді | Көлемі бойынша |
|---|---|---|
| 1 | 4 | 38800 |

 

Үйде оқытылатын 6- сынып оқушысы Балтабай Серікке бағдарламасына сай тегін оқулықтар беріліп, ноутбукпен қамтамасыз етілді.

Көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан, жартылай жетім балалар үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Тамақтану мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі және кестесі бойынша жүргізіледі.Ыстық тамақтың сапасы және ұйымдастырылуына бақылауды бракеражды комиссия жүзеге асырады. Мектебімізде ыстық тамақпен -15 оқушы қамтылған. Жыл бойына ай сайын аз қамтылған, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларының ыстық тамақтың берілуінің табелі аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне жіберіліп отырады.

Медбикемен бірлесе отырып 1- сынып оқушыларына манту мен БЦЖ егу жұмыстары мен дұрыс тамақтану мақсатында зиянды және пайдалы азық-түліктер туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, сауалнама алынды .

 

**«Бала құқығы-адам құқығы» Республикалық айлығына арналған іс-шара аясында** сынып жетекшілермен пән мұғалімдер арасында **«Балалардың құқықтарын және Бала құқықтары туралы Конвенцияның баптары»** туралы коучинг сабағы өткізілді.




Тәрбие одағымен бірлесе жасөспірімдер арасында «Құқық бұзушылық пен зорлық зомбылықтың алдын алу» мақсатында аудандық ИДН инспекторы мен кездесуі өткізілді.




Мектеп әкімшілігі және тәрбие одағымен бірлесе сабаққа кешігетін оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, мектепішілік рейдтер жүргізілді.




Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы мен ...ардың қадағалаусыз және панасыз қалуы мен тұрмыстық зорлық- зомбылықтың ...дың алу мақсатында құқықтық оқыту мақсатында 11- сынып сынып жетекшімен ...ірлесе **«Неке және отбасы»** тақырыбында баяндама оқылып, профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





«Инклюзивті білім беру» тақырыбында педагогикалық кеңесте баяндама оқылды.





Мектеп психологымен бірлесе «Кибер буллинг» тақырыбында сынып жетекшілерге кибер буллинг туралы видео ролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді





Сынып жетекшілермен бірлесе отырып ата – аналармен жұмыс жүргізілуде




Қайырымдылық көрсететін демеушілерді ұйымдастырып, ерекше білім беруді қажет ететін 6- сынып оқушысы Балтабай Серікті қоршаған ортасына бейімдеу мақсатында іс – шараға қатыстырылып, оқу – құралдары берілді. Әлеуметтік мәртебиеге ие 8- сынып оқушысы Оразқұл Акбота , 3- сынып оқушысы Орынбасар Бағжанға оқу – құралдары берілді.






Ата – аналар жиналысында оқушылардың «Бала құқығы» және өмір қауіпсіздігі туралы профилактикалық жұмыстар жүргізілді.





9- сынып оқушылары мен ата – аналар арасында «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында кеңестер берілді



Өз білімін көтеру мақсатында 15.04-23.04.2022 жыл аралығында «Өрлеу» біліктілік арттыру курсына қатысып 80 сағаттық сертефикат пен жоба жұмыстарын қорғап, «Түркістан ұстазы» журналына мақала жариялап мақтау қағазы берілді.





Жазғы сауықтыру тегін лагерге мектебімізден алты оқушы тартылды.

«1 -маусым Халықаралық балаларды қорғау» күніне орай іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға көп балалы отбасы балалары, даярлық топ оқушылар тартылды.

«Баланың білім алуға, тәрбиеленуге, жан-жақты дамуға және арының құрметтелуіне құқы бар», осыған орай мектептегі оқу тәрбие үрдісінде осы мәселеге көп назар аударылады. Тиісті уақытында демалып, оқу жүктемелері нормадан аспай, дұрыс беріліп, денсаулықтарына зиян келтірмеуі.

Орындаған әлеуметтік педагог: [signature] Э. Тукишева